

**«Мектепке дейінгі педагогика және психология» деңгейі бойынша
Педагогтердің білімін бағалауға арналған тест спецификациясы
(2024 жылдан бастап қолдану үшін)**

1. Мақсаты: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу бағдарламаларын іске асыратын мектепке дейінгі ұйымдарда жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттау барысында педагогтердің білімін бағалау тест тапсырмаларын әзірлеу мақсатында құрастырылған.

2. Міндеті: Педагогтердің біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.

3. Мазмұны: «Мектепке дейінгі педагогика және психология» деңгейі бойынша оқу бағдарламасына сәйкес оқу материалдары енгізілген.

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Мақсаты
1	Мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу және дамыту бағыттары	1	Мектепке дейінгі ұйым педагогі: маман және тұлға	Мектепке дейінгі ұйым педагогінің кәсіби және тұлғалық құзыреттілігі туралы білу
		2	Сәби шақтағы балалардың негізгі даму ерекшеліктері және әлеуметтенуі(1-3 жас)	Сәби шақтағы балалардың негізгі даму ерекшеліктерін (1-3 жас) білу. Әртүрлі өмірлік және ойын жағдаяттарында әлеуметтік қатынастар жүйесіне ену негізінде баланың әлеуметтік тәжірибесін, жеке қасиеттерін қалыптастыру. Әлеуметтік – эмоционалды дағдыларды қалыптастыру
		3	Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі	Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді, ол қимыл белсенділігі, дене шынықтыру – сауықтыру шаралары (таңертеңгі жаттығу, сергіту сәті, шынықтыру шаралары), мәдени-гигиеналық дағдылар, ойын әрекеті, дербес белсенді және т.б. әрекеттер арқылы күн тәртібіне сәйкес ұйымдастыру.
		4	Мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік (сенсорлық) тәрбиесі	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуді қарастыру. Ерте жас топтарында балаларды түспен, пішінмен, көлеммен таныстыруға, ұсақ және ірі моториканы дамытуға, кеңістікті бағдарлауға ықпал ететін сенсомоторлы орталық құруға үйрету. Мектеп жасына дейінгі балалар үшін математика негіздерін күн сайын дидактикалық ойындар, танымдық әңгімелер, бейнелеу және құрастыру әрекеті, эксперимент жасау, математикалық мазмұндағы театрландырылған әрекет, әңгіме, дербес және басқа да әрекеттер арқылы ойын түрінде ұйымдастыру. Қоршаған ортамен танысу күн сайын объектілер мен заттарды бақылау (тірі және өлі табиғат)

			зерттеу, материалдармен эксперимент жасау, педагогтің сәйкес ақпаратты оқып беруі, кітаптарды және иллюстрацияларды қарау, әңгімелесу, қарым-қатынас, ойын әрекеті арқылы іске асыру
		5	Мектеп жасына дейінгі балалардың еңбек тәрбиесі
		6	Мектеп жасына дейінгі балалардың эстетикалық тәрбиесі
		7	Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік тәрбиесі
		8	Баланы мектепке даярлау
			Мектеп жасына дейінгі балалардың өзіне-өзі қызмет ету, табиғаттағы еңбек, қолөнер, ересектердің еңбегін бақылауды ұйымдастыру. Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға үйрету. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау.
			Баланың табиғаттағы әсемдік пен сұлулықты танып, ұғынып және оны ажыратып рухани әспеттеп қабылдай білуге үйрету. Өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсініктерін қалыптастыру
			Балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету. Дәрежелікке, сарандыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. Ненің "дұрыс" немесе "дұрыс емес", "жақсы" немесе "жаман" екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Жақын адамдарының сезімін эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға баулу.
			Баланың мектепке физиологиялық, әлеуметтік-психологиялық, зияткерлік даярлығын қалыптастыру Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын игертудің Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшада ұсынылған баланың туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі біліктері мен дағдыларының тізбесіне сәйкес мүмкін жетістіктерін айқындайтын нысаналы нәтижелерге жете алуы. Мектепте оқуға дайын баланың бойында келесі қасиеттерді қалыптастыра алуы:

			физикалық дамыған; ізденімпаз; бастамашыл; табанды; бейімделуге қабілетті, көпшіл; өзіне сенімді; топта жұмыс жасай білетін; эмоциясымен бөлісетін; өзі, отбасы, елі, әлем және табиғат туралы алғашқы түсініктерге ие	
		9	Балабақша мен отбасының өзара әрекеттестігі	Отбасы мен әріптестік қарым-қатынас орнатуға, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіруге, өзара түсіністік атмосферасын құру, мүдделердің ортақтығын, мектепке дейінгі ұйымның тәрбиеленушілері мен педагогтері, ата-аналар арасында қарым-қатынасқа деген оң көзқарас пен тілектестікті қолдауға, балалардың ата-аналарына және заңды өкілдеріне арналған консультациялық кеңестің жұмысын кеңейту, ата-аналармен (заңды өкілдерімен) ынтымақтастықта қарым-қатынас орнатудың тиімді практикаларын білуі
		10	Мектепке дейінгі ұйымдарда заттық – кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыру	Заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, күні бойы өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, балалардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар қауіпсіз, қолжетімді, мазмұнды, бай, вариативті, көп атқарымды, дамытушы заттық ортаны ұйымдастыра алуы
		11	Ойын әрекеті және оны ұйымдастыру әдістемесі	Ойын (дидактикалық, қимылды, музыкалық, театрландырылған, сюжетті-рөлдік, драма ойындары және т.б) арқылы балалардың қоршаған әлемді тану қабілеті мен күнделікті әрекетін ұйымдастыру. Балаларды әртүрлі, қарқынды ойын әрекеттеріне, еркін ойын ұйымдастыруға ынталандыру балаларға ойын барысында қажет болуы мүмкін заттарды (үстелдер, орындықтар, мата қиындылары, орамалдар, тақтайшалар, төсеніштер, жастықтар, әртүрлі табиғи материалдар және т.б.) дайындау немесе олардың қиялын оятуға мүмкіндік беру
2	Балалардың психологиялық даму ерекшеліктері	12	Мектеп жасына дейінгі балалардың түйсік, қабылдау, ес, ойлау, сөйлеу, қиялдау процестерінің даму ерекшеліктері	Мектеп жасына дейінгі балалардың түйсік, қабылдау, ес, ойлау, сөйлеу, қиялдау процестерінің даму ерекшеліктерін білуі
		13	Мектеп жасына	Мектеп жасына дейінгі балалардың зейін,

		дейінгі балалардың зейін, эмоциясының, сезім, ерік-жігерінің даму ерекшеліктері	эмоциясының, сезім, ерік-жігерінің даму ерекшеліктерін білуі
--	--	---	--

4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу және дамыту бағыттары: Мектепке дейінгі ұйым педагогі: маман және тұлға. Сәби шақтағы балалардың негізгі даму ерекшеліктері және әлеуметтенуі(1-3 жас). Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі. Мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік тәрбиесі. Мектеп жасына дейінгі балалардың еңбек тәрбиесі. Мектеп жасына дейінгі балалардың эстетикалық тәрбиесі. Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік тәрбиесі. Баланы мектепке даярлау. Балабақша мен отбасының өзара әрекеттестігі. Мектепке дейінгі ұйымдарда заттық – кеңістіктік дамытушы орта. Ойын әрекеті және оны ұйымдастыру әдістемесі.

Балалардың психологиялық даму ерекшеліктері: Мектеп жасына дейінгі балалардың түйсік, қабылдау, ес, ойлау, сөйлеу, қиялдау процестерінің даму ерекшеліктері. Мектеп жасына дейінгі балалардың зейін, сезім, ерік, әрекетінің даму ерекшеліктері.

5. Тест тапсырмасының формасы:

Тест тапсырмалары 3 күрделілік деңгейінен тұрады.

6. Тапсырмалар орындалуының орташа уақыты:

Тестінің бір тапсырмасын орындап шығуға белгіленген уақыт – 1,5 минут.

Тестінің толық орындалу уақыты – 80 минут.

7. Жеке тапсырмалар мен жалпы жұмысты бағалау:

Бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл беріледі.

8. Ұсынылған әдебиет:

1. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурызындағы №137 қаулысы
2. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.
3. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары. ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы № 385 бұйрығы.
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары. ҚР Оқу-ағарту министрінің 09.09.2022 жылғы №394 бұйрығы.
5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. ҚР Оқу-ағарту министрінің 14.10.2022 жылғы №422 бұйрығы.
6. «Педагог» кәсіптік стандарты 2022 жылғы 15 желтоқсандағы №500 бұйрығы.
7. Жиенбаева С.Н., Бекмағанбетова Р.К., Сыздықбаева А.Ж., Бөлшекбаева Ә.С. Мектепке дейінгі педагогика. 2-ші басылым, қайта өңделген және толықтырылған: Оқу құралы. – Алматы, 2018.
8. Козлова С. А., Куликова Т. А. Мектепке дейінгі педагогика, Мәскеу «Академия» баспа орталығы, 2015 жыл.
9. Андабекова С. Мектепке дейінгі педагогика. – Алматы, 2012.
10. Дуйсенова Ж.Қ., Нығиметова Қ.Н. Балалар психологиясы: Оқулық. – Алматы, Нур-Принт, 2015. <http://lib.kazmkpu.kz/default.asp?sign=1&dbid=ECAT>
11. Жұмабекова Ф.Н.Балабақшадағы бейнелеу іс-әрекетінің әдістемесі – Алматы, 2015.
12. Метербаева К.М. Мектеп жасына дейінгі балалар тілін дамыту әдістемесі: Оқу құралы.Астана. Фолиант, 2017. – 184 б.
13. Балабаева А.И. Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру әдістемесі:-Студенттерге арналған оқу құралы.-Алматы Арда баспасы, 2014.-127 бет.
14. Дошкольная педагогика с основами методик воспитания и обучения: Учебник для вузов. Стандарт третьего поколения / Под ред. А. Г. Гогоберидзе, О. В. Солнцевой. - СПб.: Питер, 2013. - 464 с.

15. Белгібаева Г.Қ. Мектеп жасына дейінгі балаларды табиғатпен таныстыру теориясы мен әдістемесі, Қарағанды 2019 ж.
16. Бақраденова А. Б. Мектеп жасына дейінгі балалар тілін дамыту әдістемесі. Оқу құралы. – Алматы: «Эверо» баспасы, 2020. – 352 б.
17. Жұмабекова Ф.Н., Нұрғазиева Н.М., Жамалиева С.М, Мектеп жасына дейінгі балалар психологиясы, Астана – 2011.